



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРЛАРЫ

# ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ  
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

2 (162)

НАУРЫЗ – СӘУІР 2007  
МАРТ – АПРЕЛЬ 2007

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ  
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА  
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

АЛМАТЫ  
НАН РК

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

гін аңғартады. Сонымен қатар Көк бөрі образының көптеген қазақ ертегілерінде бақыт бастаушы, киелі сипатта берілуі қазақ әдебиетінің «Оғыз-наме» дастанымен ұқсастығы айқын дараланып көрінетіндігін айтады. Дастандағы реалистік сипатта баяндалған оқиғаларға Оғыз қағанның жар таңдауы, ерлік істері, тапқырлық қасиеттері, шеберлігі жатқызылады. Әсіресе, қазақ халқын құраған тайпалар өкілдерінің эпоста жеке адамдар бейнесінде көріну фактісінің өзі — бұл туындыны бізге жақындата түседі дей келе дастандағы қыпшақ тілі фактісінің белгілерін көрсете отырып, одан әрі пікірінің орындалғанын дәлелдей түседі. Мұндағы көне тілдік, көркемдік бейнелеулердің жалпы стильдік және дыбыстық, тұлғалық жағынан дәлме-дәл келетіндігін өзара үндестігіне еш дау туғызбайтындығын айтады. Дастандағы жер-су атауларының ішіндегі Мұзтау деген тау атының біздің ертегілерімізде де кездесетінін және осы Мұзтауға байланысты мол деректі В.В.Радлов жазып алған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында да бар екендігін айтады. Соған байланысты «Оғыз-наме» дастаны мен «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында қатар аталатын Мұзтаудың өзге туыстас елдер әдебиетінде ұшыраспайтын осы ескерткіштердің бір дәуірде, бір этникалық аймақта туғандығын және уақыт жағынан жақындығының айғағы деп біледі. Жырдың композициялық құрылысының өзіндік ерекшеліктерін атай отырып, оқиғалар жүйесінің даму ретімен таныстырады. Ең басты зерттеушілер ерекше атап көрсетіп, тұжырым жасаған нәрсе осы күнге дейінгі ескерткіштерді зерттеген ғалымдар байқай қоймаған ерекшелікті көрсетеді. Дастанда кара сөздермен қоса кейіпкерлер

диалогтарында жеті-сегіз буынды жыр үлгісіндегі өлең жолдарының ұшырасатындығын айтады.

Ә.Дербісалин «Оғыз-наменің» ең басты ерекшеліктері ретінде мынадай екі сипатын анықтап көрсетеді:

1. «Оғыз-наме» дастаны түркі тілдес халықтардың бөріне бірдей ортақ әдеби мұра. Сондықтан бұл туынды мен біздің эпикалық жырларымыздың, аңыз-ертегілеріміздің өзара мазмұндық, тілдік, образдық ұқсастықтары мол.

2. Бұған қоса Оғыз-наме дастаны бірыңғай кара сөзбен ғана жазылмай, ара-тұра жыр үлгісіне келетін эпикалық шығарма.

Ғалым Ә.Дербісалин «Мұхаббат-наме» дастанының да қазақ тілінде шығып, ғылыми аударма жасауына көмегін тигізді. Осы әдеби ескерткішке байланысты жазған зерттеу мақаласында дайын стиліндегі, көркемдеу тәсілдеріндегі қазақ әдебиетімен үндесетін тұстарына ерекше тоқталып, жан-жақты талдау жасады. Мұның өзі Ә.Дербісалиннің тек қазақтың төл әдебиеті тарихына ғана қатысты зерттеулер жүргізіп қана қоймай, көне дәуір әдебиетін зерттеуге де қомақты үлес қосқандығын байқатады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. ХУ—ХУІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы, 1982.
2. Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. Алматы, 1990.
3. ХУ—ХУІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы Ғылым, 1982.
4. Дербісалин Ә. Толғау жанры хақында // Әдебиет туралы толғаныстар. Алматы, 1990. 97-б.
5. Бұл да сонда. 98-б.
6. Мұхаббат-наме, Оғыз-наме. Алматы, 1986. 34-б.

Л. ҚИМАНОВА

### НАНЫМ-СЕНІМДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

Наным-сенімдер дегеніміз не, ол тек ескілікті көзқарасты ғана білдіре ме? Оның тілмен, ұлттық тәрбиені байланысы бар ма? Көпшілігіміз ұзақ жылғы атеистік тәрбиенің ықпалында болып, жаратылыстану ғылымының құпияларын зерделеп оқығандықтан, көне нанымдарға селкостықпен қараймыз. Шындығына келгенде, өлем халықта-

рының мәдениеті мен тарихының бастаулары осы нанымдардан тараған.

Халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, ырымдары мен тыйымдары, осы көне нанымдардың өзгеріске түскен үлгілері. Еуропа елдерінің көпшілігінде дәстүрлі тыйымдар халық арасында көп айтыла бермейді, ұмытылған.

Себебі, тыйымдардың дені сол мемлекеттердің заңының ішкі баптарына айналып кеткен. Оған неміс халқының заңдарын мысал етуге болады. Тіпті қазіргі сан-салалы ғылымдардың да шығуына нанымдар ықпал еткен. Кез келген көне наным-сенімдерден сол этностардың айналысқан кәсібін байқауға болады. Оған Қазақстан территориясынан табылған тастарда салынған түрлі аң мен қыран құстардың суреттері, жыландардың кескіні де дәлел. Тастағы суреттердің көбісі мифологиялық сюжеттерге арналған. Ә.Марғұланның айтуынша, қасқыр түркі-монғол тайпаларының негізгі тотемдері болған. Олардың танымында қасқыр жер мен жайылымды қорғайтын күдіретті күш. Сондықтан адамдар киын сәтте қасқырдың көмегіне сүйенген, сак, ғұн, үйсін дәуірлеріндегі түркі тайпалары арасында кең тараған аңыздарда қасқыр адамның қорғаушысы ретінде көрінеді [1].

Түркі тілдес тайпалардың көне наным-сенімдері өзінің бастауын табиғаттан алған. Ежелгі түркілердің табиғатқа тәнір ретінде табынуы соқыр сенімге емес, табиғат-анаға деген құрмет сезіміне негізделген. Түркілердің табиғатпен қарым-қатынасы ана мен бала арасындағы махаббат сезіміндей шынайы. Табиғатпен туыстық, татулық оларды ізгілік әлеміне жетеледі. Табиғатты сүю сезімі ата-баба аруағын қастерлеуді, жануарлар дүниесіне рақымшылдықты үйретті.

Міне, осылайша мифологиялық ойлау бірте-бірте идеологиялық сипатқа ауысады. Оған Көк түріктердің мемлекет болып қалыптасу кезінде, өртүрлі тайпалардың түрлі тотемдік аттармен келіп бірігуін мысал етуге болады. Көк түркілер қағандығы ыдырағаннан кейін аққуға, көк бөріге, бүркітке, қарғаға, т.б. байланысты тотемдік сенімдерден шыққан ырымдар мен тыйымдар көне түркі халықтарының бөріне ортақ болып қалады. Ал ел арасында аққуға байланысты ырымдар мен тыйымдар жетерлік. Оны атқан адам о дүниеде де, бұл дүниеде де онбайды. Ертедегі тайпалар аққулардың сұлулығына, көркемдігіне қызығып, адамзаттың әуелгі анасы осыдан тараған, оны құстың сұлтаны дейді, оларға қастерлеп, сыйынатын, табынатын болған. Аққудың тотемдік мәні көнере келе, өзге діндердің ықпалына ауысады. Шамандық діннің әсерімен оны бақсылар да пайдаланған. Мысалы, Сібірдегі түркі тектес халықтардың шамандары, қазақтың бақсылары тәрізді зікір салып қобызбен ойнау кезінде, бастарына аққудың терісін киіп, жөгермендерін

кимылсыз сиқырлап тастаймыз деп иландырған. Сол арқылы өздерінің неден болса да қорықпайтындарын дәлелдеп қана қоймай, осы әрекеттері арқылы бақсылықты «әулиелік» деп тануға мәжбүр еткен. Сөйтіп өздерінің гипноздық әсері арқылы «арқасы», «иесі», «жыны» бар екендіктерін жөгермендеріне мойындатқан. Сөйтіп бақсыларда аққудың аруағы болады екен деген жаңа мифтік ұғымдарды да қалыптастырған. Бұдан шаман діні тарағанда, тотемдік сенімге белгілі мөлшерде қарсылық жасалғаны байқалады. Жалпы ұлттық ұғымда аққудың терісінен киім киюге болмайды, солай десек те, Шоқан Уәлихановтың қарындасының аққудың терісінен тігілген ішігінің Мемлекеттік музейге қойылуы, аққудың терісінен киім тігілгендігін дәлелдейді. Шамасы, бұл Уәлихановтар әулетіне қастандық жасаушы адамдардың көп болғандығынан болса керек. Шоканның жалғыз қарындасының үстіне аққу тонын кидіру арқылы, оған жамандық жасамақ болған адамдардың бойына үрей тудыру арқылы дұшпандарын қорқытқан болса керек.

Әуелгі адамдардың түрлі мифологиялық ойлаулары логикалары мен философиялық пікірлерінің қалыптасуына, сол арқылы тілі мен ауыз әдебиетінің түрлі жанрларының пайда болуына ықпал етті. Мифтік ұғымдар көркем қиял, тіршілік етуге қажетті білім тудырды, адамзат баласының сөз қорын байытты, адам тәрбиесінің рухани құралы ретінде көрініп, қоғамдық сананың деңгейін көтеруге үлес қосты. Мәдени-педагогикалық тұрғыдан келсек, мифтік ұғымдар адамның ойлау, сөйлеу, әрекет жасау, тіршілікке бейімделу, күресу, қорғану қабілетін, сана-сезімін жетілдіріп, рухани шыңдалуына себепші болды, жақсылық пен жамандық туралы ұғымдардың адам санасында қарама-қайшылыққа түсуі нәтижесінде адам табиғаттан тыс күштерге төтеп беруді қиялдап, өзінің мүмкіндіктерін әсірелеген, ой-әрекетін жетілдірген. Алып бәйтеректің басы аспанды, ортасы ортаңғы әлемді, тамыры төменгі әлемді мекен етеді деген космогониялық нанымдары дүниенің үш бөлігі жайлы ұғымдарын ғана емес, алғашқы математика ғылымының негізінің қалануына ықпал етті. Олар өздерінің жаратылысы жайлы мифологиялық нанымдарын билерінде (кимыл арқылы), өндерінде бейнелегендіктен би өнері мен ғұрыптық фольклор пайда болды. Ал қазіргі мәдениеттің толып жатқан түрлері соның бастаулары.

Бақсылардың о дүниедегі ата-бабаларымызбен тілдесемін деп, қолдаушы «иелерін» көмекке

шақырып, қайғылы немесе жүйке ауруына шалдыққан адамдарды тыныштандырып, ауруларды емдейтіні — қазіргі халық медицинасы мен психология ғылымының негізін салды. Қазақтың шамандық нанымдарын тұңғыш зерттеген Ш. Уәлиханов сөзімен айтсақ, шаманизмнің мәні — табиғат пен адамды қастерлеу, бабалар рухына сыйыну болмақ. Шамандық нанымдар қазақ халқының рухани өміріне көптеген өнегелік қатынастар мен салттарды әкелген болса, солардың бастысы — ата-баба дәстүрін, өкені ардақтау. Тотемдік, шамандық нанымдардың ықпалымен адамдардың салт-санасында, өнегелік қатынастарда мінез-құлық нормаларында қоғамдық сананың жаңа сатысына лайық өзгерістер пайда болды. Ол өзгерістер шамандық нанымдардың арбау, аластау, емлеу, үшкіру, күн жайлату, бұлт үйірілту, бөдік, жарапазан айту, тасаттық беру, қалжа, ақсарбас, жаназалау, жетісін беру, жеті күлше тарату, жеті ата, ата-баба дәстүрін ардақтау салттары, ырым, әдет, көде, жоралғыларына ұласып, даралана түсу үдерісімен де тығыз байланысты.

Олай болса, бүгінгі күні, көне нанымдарын жоғалтып алған халықтардың әдет-ғұрыптарына қарап, олардың нанымдарын ғана емес, кәсіби тұрмысын, мәдениет бастауларының да негізін анықтауға болады. Американдықтардың қазіргі би өнерінен фольклордың элементтерін, жазба әдебиетінен архетип іздейтіні осыдан шыққан. Сондықтан мәдени бай мұрасы бар халықтардың, Еуропа әдебиетінің зерттеу тәсіліне еліктеп, өздерінде барды саналы түрде жоғалтуы, ұрпақ алдында кешірілмес қателік болар еді. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, бұл елдердің көбінің тыйымдары заңға енгізіліп, өзгеріске ұшырап, жаңаша сипат алған.

Сондай-ақ, көне наным-сенімдер әртүрлі этностың рухани, материалдық мәдениетімен ерекшеліктерінен қалыптасып қана қоймай, сөздік қорына да ықпал еткен. Себебі, әрбір этностың дүниетанымы, салт-дәстүрлері мен мәдениеті ең алдымен көрінісін тілде табады. Тіл — мәдениет айнасы. Көрнекті философ, ғалым Э. Сепир: «Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған халықтың мәдениетін өз қалпында бейнелеп көрсетіп береді» [2,1], — десе, осы ойды отандық тіл білімінде этнолингвистика саласының негізін салушы академик Ә.Т. Қайдар былайша қорытады: «егер халық пен тілді біртұтас құбылыс деп қарасақ, тіл халық өмірінің материалдық және рухани байлықтарын бойына жинаған, оның наным-сенімдерін, дәстүрін көрсететін, ұрпақтан ұрпақ-

қа беріліп отыратын баға жетпес байлық» [3,9]. Өркениет заманы өз биігіне шыққанмен, ұлт мәдениетін ұлт тілінен бөліп алып дамуы мүмкін емес. Әр ұлт өз мәдениетін, ұлттық болмысын және тұрмыс-тіршілігінің суретін тілінде сақтайды. Ежелгі түркі тайпаларынан қазақтарға ауысқан кейбір наным-сенімдер, мифтік ұғымдар бүгінгі салт-санамызда қанатты сөздер немесе тұрақты тіркестері түрінде сақталған.

Жалпы наным-сенімдерге қатысты тұрақты тіркестерді арнайы зерттеген ғалымдардың саны жоқтың қасы. Соның ішінде Қ. Ғабитханұлы қазақ тіліндегі наным-сенімдерге қатысты тұрақты тіркестерді тереңнен зерттеп, оларды тақырыптық-мағыналық жағынан топтастырып қарастырған. Ол қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді шығу тегі мен мазмұнына, мотивтік негізіне т.б. байланысты төмендегідей алты топқа бөледі: тотемизм, фетишизм, анимизм, магия, дәстүрлі діндер және киелі сандарға байланысты. Ғылыми жұмысында Қ. Ғабитханұлы сан алуан діндер мен наным-сенімдерге тікелей қатысты ТТ-дің қалыптасу тарихына қысқаша шолу жасап, олардың нақтылы мотивтерін қарастырады. Ол діни наным-сенімдерге байланысты қалыптасқан лексемалар мен тіркестердің көбі ерте кездің туындысы екендігін анықтап, кейбіреулерінің бастаулары, пайда болған кезеңдерін қарастырады.

Қазақ фразеологиясының негізін салушы І. Кеңесбаев фразеологизмнің шығу жолының кейбірін сөз етіп, соның ішінде наным-сенімдерге қатысты тұрақты тіркестерді де келтіреді. Ол: «Адам баласы сонау отқа, суға, көп құдайға табынған шағында-ақ, талай-талай заттарды киелі санап, оларға өздерінше лақап ат қойған... Қазақ халқы өзінің өткен тарихында талай көрші елдермен, шет жұрттармен экономикалық әрі мәдени қарым-қатынасты басынан кешіргені мәлім. Тілімізде осыған орай туған тіркестер бар» [4,556], — дейді.

Кунин А. В. «Фразеология современного английского языка» атты еңбегінде ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестердің шығу тарихын, олардың қолданылу ерекшеліктерін сөз етеді. Осы еңбегінде ол кейбір наным-сенімдерге қатысты тұрақты тіркестердің шығу жолын анықтайды. Мысалы, ағылшын тіліндегі аспан денелеріне қатысты тұрақты тіркестер ағылшын халқының ертедегі космогониялық сенімінен туған. Олардың пікірінше, аспан жұлдыздарының орналасуы адам тағдырына әсері болған. Бүгінде де астрологиялық болжамдарға сеніп, теледидардан бере-

тін немесе газет-журнал беттерінде жарияланып жүрген астрологиялық болжамдарға сенетіндердің саны өте көп. Сонымен қатар наным-сенімдерге қатысты тұрақты тіркестер Библиядан немесе мифтерден бастау алады. Мысалы, Библиядан алынған «the root of all evil» тұрақты тіркесі зұлымдық ақшаға деген құмарлықтан басталады деген мағынаны береді, ал мифтік сенімдерден туған тұрақты тіркестер көбінесе бірнеше тілдерге еніп, халықаралық фразеология қатарына жатады. Осындай ТТ-ге, мысалы: the Achilles' heels- Ахиллестің өкшесі, the prodigal son- адасқан ұл т.б. жатқызуға болады.

Б. Б. Таңсыққожина қазақ және неміс тілдеріндегі культтік фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыдан салыстыра отырып зерттейді. Соның ішінде ол «құдай, төңір, алла» сөздерімен тіркесіп жасалған тіркестердің табиғатына тереңірек үніледі. Қазақ тіліндегі «Құдай» сөзімен байланысты тұрақты тіркестердің біршамасының неміс тіліндегі дәл баламаларын көрсетеді.

А. Ислам өзінің мақалаларының бірінде құрамында зооморфизм бар мағынасы күнгірт тартқан қазақ тіліндегі фразеологизмдерге салыстырмалы-салғастырмалы және және әртүрлі мәдени контекстер негізінде лингвомәдени сараптама жасайды. Қазақ тілінде төрт түлік малға байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестердің саны жетерлік. Соның ішінде автор түйе малына байланысты тіркестерге ерекше тоқталады, себебі халқымыз оны қасиетті санайды. Мысалы, тіліміздегі «қуанышқа кенелу» мағынасындағы «Ақ түйенің қарны жарылды» тіркесінің образдық негізінде ақ түйені жалпы, ақ түсті қастерлеу, наным-сенімі жатқанын былай деп түсіндіреді: «“Ақ” түсінің төңірлік дүниетанымға ұласатынын, “Төңір” алғашқыда “таң шапағы” содан соң, “аспан”, ал түркі дәуірінде абстракты мағынасында “қүдірет” ретінде танылғанын айтып

кеткеніміз де жөн болар» [5, 121]. Жоғарыда келтірілген тұрақты тіркесте Төңірге табыну, оның құрметіне ақ түсті малды құрбандыққа шалу, яғни дүниетаным көрінісінің ритуалды формасы бейнеленген.

Сонымен, халықтардың діни көзқарастары этникалық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Әр діннің мәдени дамуының өзіндік ерекшелігі бар. Олардың бала тәрбиесі, киім киісі мен тамақтануы да соған қатысты. Бұдан олардың зандары да сол мемлекетте тұратын этностардың ерекшелігіне қарай жасалатындығын байқауға болады. Мысалы, ағылшын халқының кез келген мәселені ұлттық дәстүрінің тәртібімен шешетіні де содан. Қазақ наным-сенімдерін де зерттеудің пайдалы жақтары бар екенін аңғарған жөн, Парламентте заң қабылдағанда көнеден келе жатқан тыйымдарымыздың жарамды тұстарын пайдаланудың да маңызы бар. Олай болса, наным-сенімдеріміздің зерттелуі өткенімізді тану ғана емес, оларды ұрпақ тәрбиелеуде пайдалану.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Маргулан А. Х. Мир казаха. Алматы, 1997.
2. Сепир Э. Тіл туралы. Пекин, 1985. 186-195-бб.
3. Қайдар Ә. Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998. 304-б.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. 596-б.
5. Ислам А. Мағынасы күнгірт тартқан фразеологизмдерге лингвомәдени сараптама. Жалпы және салғастырмалы фразеологияның өзекті мәселелері. Алматы, 2003. 120-125-бб.
6. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985.
7. Кунин А. В. Фразеология современного английского языка. М., 1972. 287 с.
8. Таңсыққожина Б. Б. Культтік фразеологизмдерді салыстыра зерттеудің этнолингвистикалық аспекті. Жалпы және салғастырмалы фразеологияның өзекті мәселелері. Алматы, 2003. 136-140-бб.